

LG
Life's Good

MUSIC flow HS7
(LAS750M)

SMART Hi-Fi AUDIO

SMART HI-FI аудио жүйесімен саундбар

Үлгі : LAS750M

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ҚАЗАҚ ТІЛІ | ҚАРАПАЙЫМ НҰСҚАУЛЫҚ


Қосымша мүмкіндіктердің нұсқауларын көру үшін **http://www.lg.com** сайтына кіріңіз де, Пайдаланушы нұсқаулығын жүктеңіз. Осы нұсқаулықтың кейбір мазмұны сіздің құрылғыңыздан ерекшеленуі мүмкін.

Шынайы құрылғы суреттен басқаша болуы мүмкін.

MFL69330115

www.lg.com

Қауіпсіздік туралы ақпарат



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: ЭЛЕКТР ТОГЫНЫҢ СОҒУ ҚАУПІН АЗАЙТУ ҮШІН ҚАҚПАҒЫН (НЕМЕСЕ АРТҚЫ ЖАҒЫН), ПАЙДАЛАНУШЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТПЕЙТІН ІШКІ БӨЛІКТЕРІН АШПАҢЫЗ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ БІЛІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МАМАНДАРЫНА ТАПСЫРЫҢЫЗ.



Тең бұрышты үшбұрыш ішіндегі жебе белгісі бар осы жай жарқылы адамға электр тогының соғу қаупі бар мәнде болуы мүмкін өнім қабы ішіндегі оқшауланбаған қауіпті кернеу бар екенін пайдаланушыға ескертуге арналған.



Тең бұрышты үшбұрыш ішіндегі леп белгісі өніммен бірге берілетін құжаттамада маңызды пайдалану және қызмет көрсету (жөндеу) нұсқаулары бар екенін пайдаланушыға ескертуге арналған.

ЕСКЕРТУ: ӨРТ НЕМЕСЕ ЭЛЕКТР ТОҒЫНЫҢ СОҒУЫН БОЛДЫРМАУ ҮШІН БҰЛ ӨНІМДІ ЖАҢБЫРЛЫ НЕМЕСЕ ЫЛҒАЛ ЖЕРДЕ ҚОЛДАНБАҢЫЗ.

ЕСКЕРТУ: Бұл жабдықты кітап сөресі немесе соған ұқсас сияқты шектеулі жерге орнатпаңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Бұл өнімнің айналасында жоғары вольтты өнімдерді пайдаланбаңыз. (мысалы, электрік шыбын өлтіргіші) Бұл өнім электрік тогының соғуына байланысты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Құрылғыға су тигізбеу керек (төкпен немесе шашпау) және құрылғыға вазалар сияқты су толтырылған заттарды қоймау керек.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Желдетуге арналған саңылауларды жаппаңыз. Өндірушінің нұсқаулығы бойынша орнатыңыз.Корпустағы науалар мен тесіктері желдету үшін қарастырылған және өнімнің тұрақты іскерлігін және қызып кетуден сақтайды. Өнім төсекке, диванға, кілем немесе басқа ұқсас беттерге қойылғанда тесіктері жабылып қалмауға тиіс. Өнімді еш уақытта кітап шкафы немесе сөре сияқты жерлерге дұрыс желдету қамтамасыз етілгенге дейін немесе өндірушінің нұсқауларына сәйкес келгенге дейін орнатпаңыз.

ЕСКЕРТУ: Қауіпсіздік белгілері туралы ақпаратты, соның ішінде өнім идентификациясы мен қуат шығарылымдарын өнімнің төменгі не басқа бетінде орналасқан негізгі затбелгіден қараңыз.

Адаптер пайдаланатын үлгілер үшін

Тек осы құрылғымен бірге берілген айнымалы ток адаптерін пайдаланыңыз. Басқа құрылғыны немесе басқа өндірушінің адаптерін қуат көзі ретінде пайдаланбаңыз. Басқа қуат кабелін немесе қуат көзін пайдалану құрылғыға зақым келтіруі және кепілдігіңіздің күшін жоюы мүмкін.

Қуат сымы жөніндегі ЕСКЕРТУ


Көптеген құрылғыларды арнайы арнада орнату ұсынылады;

Демек, сол құрылғыға электр энергиясын беретін жалғыз розетка желісінде қосымша розеткалар немесе бөліп тұратын желі болмағаны. Сенімді болу үшін осы пайдаланушы нұсқаулығының техникалық сипаттамаларын тексеріңіз. Қабырға розеткасы шамадан тыс жүктеме түсірмеңіз. Шамадан тыс жүткеме түскен розеткалар, дұрыс бекітілмеген немесе зақымдалған розеткалар, қосымша кабельдер, тозған қуат кабельдері немесе бүлінген изоляция қауіпті. Осы жағдайлардың кез келгені электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін. Кезеңді түрде құрылғының кабелін тексеріңіз және онда зақым немесе бүліну болса, оны ажыратып, құрылғыны пайдалануды тоқтатыңыз және рұқсат етілген қызмет көрсету орталығында кабельді дәл сондай кабельге ауыстырыңыз. Қуат кабелін бүгілу, оралу, қысу, есіктің жабылуы немесе үстінен өту сияқты физикалық немесе механикалық зақымнан қорғаңыз. Штепсель айырларына, қабырға розеткаларына және кабель құрылғыдан шығатын жерге әсіресе көңіл аударыңыз. Қуат көзін ажырату үшін электр сымының штепселін тартыңыз. Өнімді орнатқан кезде штепсельге қолдың оңай жететін тексеріңіз. Қуат ашасы ажыратқыш құрылғы болып табылады. Апаттық жағдай орын алғанда Қуат ашасы әрдайым қолжетімді болуы керек.

Бұл құрылғы ұтқыр батареямен немесе аккумулятормен қамтамасыз етілген.


Батареяны немесе жабдықтағы батареяны шығарудың қауіпсіз жолы: Ескі батареяны немесе батарея бумасын алып тастаңыз, қадамдарды қондырудың теріс реті бойынша орындаңыз. Жабдықтың ластануын және адамдар мен жануарлар денсаулығына қауіпті болдырмау үшін ескі батареяны немесе батареяны арнайы жинайтын жерлердегі сәйкес контейнерге салыңыз. Батареяларды және батарея бумаларын әдепкі қоқыспен бірге лақтырмаңыз. Жергілікті қайта зарядталатын батарея жүйесін және аккумуляторларды пайдалануды ұсынамыз. Батареяны күн жарығының, оттың немесе сол сияқты қатты ыстықтың әсеріне ұшыратуға болмайды.

Ескі құрылғыны қоқысқа тастау



1. Барлық электр және электрондық өнімдер қалалық қоқыс жүйесінен бөлек, үкімет немесе қала әкімшілігі тағайындаған арнайы жинау орындарына тасталуы тиіс.
2. Ескі құрылғыны тиісті түрде қоқысқа тастау қоршаған орта мен адам денсаулығына тиюі мүмкін кері әсерлердің алдын алуға көмектеседі.
3. Ескі құрылғыны қоқысқа тастау туралы қосымша ақпарат алу үшін қала әкімшілігіне, қоқыс жинау қызметіне немесе өнімді сатқан дүкенге хабарласыңыз.

Ескі батареяларды/аккумуляторларды қоқысқа тастау



Pb

1. Оған қоса, батарея құрамында 0,0005%-дан астам сынап, 0,002%-дан астам кадмий немесе 0,004%-дан астам қорғасын болса, сынап (Hg), кадмий (Cd) немесе қорғасын (Pb) химиялық таңбалары да болуы мүмкін.
2. Барлық батареялар/аккумуляторлар қалалық қоқыс жүйесінен бөлек, үкімет немесе қала әкімшілігі тағайындаған арнайы жинау орындарына тасталуы тиіс.
3. Ескі батареяларды/ аккумуляторларды тиісті түрде қоқысқа тастау қоршаған орта мен адам денсаулығына тиюі мүмкін кері әсерлердің алдын алуға көмектеседі.
4. Ескі батареяларды/ аккумуляторларды қоқысқа тастау туралы қосымша ақпарат алу үшін қала әкімшілігіне, қоқыс жинау қызметіне немесе өнімді сатқан дүкенге хабарласыңыз.

Мазмұны

1 Бастау

3 Қауіпсіздік туралы ақпарат
6 Қаптан шығару
6 – Кейбір аксессуарларға арналған қосымша ақпарат
7 Алдыңғы панель
7 Артқы панель
8 Қашықтан басқару пульті

2 Теледидарыңызға қосу

9 Теледидарыңызға қосу
9 – 1. Оптикалық байланыс
9 – 2. HDMI (ARC) байланысы
9 – 3. Сымсыз LG Sound Sync байланысы

3 Көп бөлме мүмкіндігін пайдалану

10 Көп бөлме желісін орнату
10 – 1-қадам. Үйдегі желі талабы
11 – 2-қадам. "Music Flow Player" қолданбасын және медиа серверін орнату
12 – 3-қадам. Бастапқы көп бөлме мүмкіндігін орнату
14 – 4-қадам. Динамиктерді қосу (Қосымша)
15 – Көпірді пайдалану
16 Бірнеше MUSICflow өнімімен рақаттану
16 – 1. Үй кинотеатры режимі (Айналадағы дыбыс режимі)
16 – 2. Топтастыру режимі
16 – 3. L/R стерео режимі

4 Сыртқы құрылғыны пайдалану

17 Сыртқы құрылғыны пайдалану
17 – 1. HDMI кіріс байланысы
17 – 2. PORTABLE IN байланысы
17 – 3. BLUETOOTH® байланысы

5 Ақаулықтарды жою


18 Ақаулықтарды жою

6 Қосымша


22 Негізгі құрылғыны қабырғаға орнату
23 Күй жарық диодтарының жағдайы туралы
23 Сипаттама
23 АШЫҚ МӘТІН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛ ЕСКЕРТУІ

Осы нұсқаулықтағы кейбір мазмұн қолданбаның нұсқасына байланысты Music Flow Player қолданбасынан өзгеше болуы мүмкін.

Қаптан шығару


Құрылғы


Қашықтан басқару пульті және батареялар



Кабель байланыстырғыштары



Сабвуфер



Адаптер және қуат сымы


Қарапайым нұсқаулық


Оптикалық кабель


Қабырға кронштейндері және бұрандалары



Аяғы


Қабырға кронштейнін орнату нұсқаулары


LAN кабелі

- Бұл құрылғыны қабырғаға орнатып жатқанда, 22-бетті қараңыз.


Кейбір аксессуарларға арналған қосымша ақпарат



Сабвуфер

Сымсыз сабвуфер байланысы

1. Негізгі құрылғының қуат сымын және сымсыз сабвуферді розеткаға жалғаңыз.
2. Оларды қосып, сымсыз сабвуфер автоматты түрде қосылады. Байланыс орнатылған кезде, сабвуферде жасыл жарық диодын көре аласыз.

Сымсыз сабвуферді қосу барысында қиындыққа тап болсаңыз, 18-бетті қараңыз.





Аяғы

- Оларды тіркеу арқылы биіктігін ұзартады.
- Дыбыстық панельдің аяғы бұған дейін орнатылған болса, аяғын алып тастаңыз. Содан кейін, реттелетін аяқпен алмастырыңыз.
- Құрылғыны металдан жасалған жиһаздың үстіне орнатқан кезде, жабдықталған аяқты орнатыңыз.

- Аймаққа байланысты, жабдықталған аксессуарлар әртүрлі болуы мүмкін.

Алдыңғы панель



1 **Дисплей терезесі**

2 **Жарық диодының индикаторы:** Байланыс күйін көрсетеді. (23 -бет)
- Ақ (жыпылықтап тұр): желі байланысын күтуде
- Ақ (жанып тұр): желілік байланыс аяқталды.
- Ақ (Жарығы азайды): желілік байланысы бар күту режимі.
- Жасыл (жанып тұр): бірінші топ орнатылды.
- Қызыл (жанып тұр): желілік байланысы жоқ күту режимі

3 **Қашықтық сенсоры**

4 ⏻/❙ (Күту режимі/Қосу)


5 **F (Функция):** Функция мен кіріс көзін таңдайды. (OPTICAL / HDMI IN / WI-FI / Bluetooth / PORTABLE)

6 **-/+ (Дыбыс деңгейі)**

7 **(Wi-Fi):** Бастапқы MUSICflow өнімін желіге сымсыз байланыстырады.

8 **(Қосу):** Желіге қосымша MUSICflow өнімін қосады.
(Бір немесе бірнеше MUSICflow өнімі қосылған жағдайда.)

Артқы панель



1 S/W жүктеу ұяшығы (Тек қызмет көрсетуге арналған)

2 **DC IN** (Айнымалы ток адаптерінің кірісі)


3 **HDMI IN / OUT (TV ARC) қосқышы :** Теледидардағы HDMI IN (ARC) ұяшығына қосыңыз.

4 **ETHERNET (LAN) порты**

5 **PORTABLE IN қосқышы**


6 **OPT. IN қосқыштары**

Қашықтан басқару пульті



Батареяны орнату

Қашықтан басқару пультінің артқы жағындағы батарея қақпағын алыңыз да, екі R03 (AAA өлшемді) батареяны ⊕ және ⊖ жақтарын дәл келтіріп салыңыз.



1

⏻ (Қуат) : Құрылғыны ҚОСАДЫ немесе ӨШІРЕДІ (күту режимі).

FUNC (Функция) **:** Функция мен кіріс көзін таңдайды. (OPTICAL / HDMI IN / WI-FI / Bluetooth / PORTABLE)

🔇 (Дыбысты өшіру) **:** дыбысты өшіреді.

OPTICAL : Кіріс көзін OPTICAL түріне тікелей өзгертеді.

SOUND EFFECT : Дыбыс әсерінің режимін таңдайды.

: Жоғары жиіліктер, бас және сабвуферлердің дыбыс деңгейін реттейді.

+/- (VOL): Динамиктің дыбыс деңгейін реттейді.

2

REPEAT : Музыканы қайта тыңдауға мүмкіндік береді.

⏮ / ⏭ (Өткізу) **:** Жылдам алға немесе артқа өткізеді.

⏯ (Ойнату/Кідірту) **:** Ойната бастайды немесе кідіртеді.

Ескертпе

Бұл ойнату түймелерін музыканы «Music Flow Player» қолданбасы немесе компьютердің бағдарламалық жасақтамасы арқылы ойнатқан соң пайдалануға болады.

INFO : Кіріс көзі туралы ақпаратты көрсетеді.

3

DRC : DRC функциясын қосады немесе өшіреді.

- DRC (Динамик ауқымын басқару) : Дыбыс деңгейі төмен орнатылғанда дауысты анық етеді (тек Dolby Digital).

☾ (Түнгі режим) **:** Дауыс қарқындылығын азайту үшін және оның әдемілігі мен жұмсақтығын жақсарту үшін Түнгі режимді қосыңыз.

AUTO VOL : AUTO VOLUME режимін қосады немесе өшіреді.

- Шығатын дауыс өте қатты немесе өте төмен болса, қашықтан басқару пультіндегі осы түймені басыңыз. Осылайша сіз қажетті деңгейдегі дауыстан лөззат аласыз.

AV SYNC : Аудио мен бейнені синхрондайды.

- Теледидардан аудио сигналдар алынған кезде, дыбыс пен кескіндер сәйкес келмеуі мүмкін. Бұндай жағдайда, бұл функция кідіріс уақытын реттей алады.
- AV SYNC түймесін басыңыз, содан кейін **⏮ / ⏭** түймесін пайдаланып, 0 - 300 мс аралығындағы уақытты басқарыңыз.

SLEEP : Жүйені көрсетілген уақытта автоматты түрде өшіреді.

AUTO POWER : AUTO POWER режимін қосады немесе өшіреді.


- Егер сіздің теледидарыңыз немесе сыртқы құрылғыңыз құрылғыдағы Оптикалық кіріс қосқыш (тар) ына жалғанып тұрса, теледидарды немесе сыртқы құрылғыны қосқан кезде, бұл құрылғы кіріс сигналын анықтап, оптикалық функцияны таңдайды. Дыбысты құрылғыңыздан ести аласыз.

Теледидарыңызға қосу

Теледидарыңыздың мүмкіндігіне байланысты Оптикалық, HDMI немесе Сымсыз байланыстың бірін таңдаңыз.

1. Оптикалық байланыс

1. Құрылғыдағы OPT. IN ұяшығын OPTICAL кабелінің көмегімен теледидардағы OPTICAL OUT ұяшығына жалғаңыз.




2. Теледидардың дауыс шығысын OPTICAL шығысқа орнатыңыз. (Толық мәлімет алу үшін, теледидарыңыздың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.)
Ескертпе: Егер LG теледидарыңыз LG Sound Sync қызметіне қолдау көрсетсе (Sound Sync логотипі бар LG теледидары). Теледидардың дауыстық шығысын LG Sound Sync (Оптикалық) қызметіне орнатыңыз. (Толық мәлімет алу үшін, теледидарыңыздың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.)
3. OPTICAL немесе FUNC түймесін пайдалану арқылы құрылғының кіріс көзін OPTICAL режимге орнатыңыз.

2. HDMI (ARC) байланысы

Құрылғыны HDMI CEC және ARC (Дыбысты қайтару арнасы) функцияларын қолданатын теледидарға қосқан жағдайда теледидар дыбысын оптикалық кабельді жалғаусыз динамиктер арқылы естуге болады.

1. Құрылғыдағы **HDMI OUT (TV ARC)** ұяшығын теледидардағы **HDMI IN (ARC)** ұяшығына HDMI кабелі (A түрі, Ethernet желісі бар жоғары жылдамдықты HDMI™ кабелі) арқылы жалғаңыз.




Теледидар : HDMI IN (ARC) Дыбыс панелі : HDMI OUT (TV ARC)

2. Теледидардың дауыс шығысын HDMI (ARC) ұяшығына орнатыңыз. (Толық мәлімет алу үшін, теледидарыңыздың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.)
3. Сіздің қай функция түрін пайдаланатыныңызға қарамастан теледидардан ARC сигнал шыққан кезде ARC функциясы бірден таңдалады.

3. Сымсыз LG Sound Sync байланысы

Егер бұл құрылғыны LG Sound Sync қызметіне (Sound Sync логотипі бар LG теледидары) қолдау көрсететін теледидарға қоссаңыз, теледидардың дауысын сымсыз байланыссыз да ести аласыз.




1. Құрылғыны қосыңыз FUNC түймесінің көмегімен құрылғының кіріс көзін LG TV функциясына орнатыңыз.
2. Теледидардың дауыстық шығысын LG Sound Sync (Сымсыз) қызметіне орнатыңыз. (Толық мәлімет алу үшін, LG теледидарыңыздың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.) Дисплей терезесінде "PAIRED" жазуы 3 секунд шамасында пайда болады және содан кейін, егер осы құрылғы мен теледидар дұрыс қосылған жағдайда дисплей терезесінде "LG TV" жазуы көрінеді.

Sound Sync туралы ақпарат

Осы құрылғыдағы кейбір функцияларды LG Sound Sync қызметі арқылы теледидардың қашықтан басқару пультінің көмегімен басқаруға болады. Бұл LG Sound Sync қызметі тарапынан қолдау көрсетілетін LG теледидарымен үйлесімді. Теледидарыңызда LG Sound Sync логотипі бар екендігіне көз жеткізіңіз.

Көп бөлме желісін орнату

1-қадам. Үйдегі желі талабы



❶ Үйіңізде роутерді қолданатын сымсыз желі ортасы орнатылғанына көз жеткізіңіз. Үйдегі роутер интернетке қосылуы қажет.

❷ Смарт құрылғыңызды үйдегі желіге қосыңыз.

❸ Динамикті қуат көзіне қосыңыз.

❹ Медиа серверінде (компьютер, Mac немесе желілік жад) музыка тыңдағыңыз келсе, медиа серверін үй желісіне қосыңыз.


⚠ Үй желісінің талаптарына арналған сақтық шара

- MUSICflow жүйесі 802.11b/g/n сымсыз технологиясын қолдайтын 2,4 ГГц және 5 ГГц үй желісінің екеуі арқылы да байланысады.
- Сымсыз сигнал кедергісі желінің ажыратылуына немесе ойнатудың тоқтауына себеп болуы мүмкін.
- Желінің жылдамдығына байланысты онлайн мазмұнды ойнату дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Белгілі бір интернет байланысының қызмет провайдерлерідегі кейбір роутерлер (немесе модем) арқылы желілік байланыс орнатылмауы мүмкін. Мұндай жағдайда, роутерді жалпы нарықтан сатып алып, пайдаланыңыз.
- Компьютердегі брандмауэрге байланысты Music Flow PC бағдарламалық жасақтамасы жақсы жұмыс істемеуі мүмкін. Мұндай жағдайда, барлық брандмауэрді өшіріп, қайта қосылуға әрекет етіңіз. Брандмауэр нұсқаулығын қараңыз немесе веб-торабына кіріңіз.

2-қадам. "Music Flow Player" қолданбасын және медиа серверін орнату

"Music Flow Player" қолданбасын орнату

"Music Flow Player" қолданбасын Apps Store немесе Google Play Store дүкенінен жүктеп алыңыз.



A Іздеу жолағына "Music Flow Player" деп теріңіз де, "Search(Іздеу)" түймесін басыңыз.

B QR кодын сканерлеу қолданбасының көмегімен сканерлеңіз.

"Music Flow Player" қолданбасына арналған ескертпе

- Құрылғыға байланысты "Music Flow Player" қолданбасы жұмыс істемеуі мүмкін.
- Music Flow Player қолданбасы төмендегі бағдарламалық жасақтама нұсқасында қолжетімді болады;
  Android операциялық жүйесі: 4.0 (ICS) (немесе одан кейінгі) нұсқасы
  iOS операциялық жүйесі: 6.0 (немесе одан кейінгі) нұсқасы

Медиа серверінің бағдарламалық жасақтамасын компьютерге немесе Mac құрылғысына орнату

Медиа серверінің бағдарламалық жасақтамасы сізге медиа серверінде (компьютер, Mac немесе желілік жад) сақталған аудио файлдарына кіруге және оларды динамикпен үй желісі арқылы тыңдауға мүмкіндік береді. www.lg.com веб-сайтында, іздеу жолағына үлгі атауын теріңіз және қолдау көрсету қойындысында медиа серверінің бағдарламалық жасақтамасын табыңыз.

- Windows : Music Flow PC Software
- Mac OS : Nero MediaHome 4 Essentials

Медиа серверін пайдалану үшін ескертпе

- Компьютерде немесе Mac құрылғысында, аудио мазмұны бар қалтаны MUSICflow жүйесінде ойнату үшін, бөлісуіңіз қажет.
- Сондай-ақ, NAS құрылғысында, DLNA серверін қосу үшін, NAS құрылғысының параметрлерін өзгертуіңіз керек.
- Брандмауэр бағдарламалық жасақтамасында, Windows файлымен бөлісу функциясы блокталмауы үшін, брандмауэр бағдарламалық жасақтамасының параметрлерін өзгертуіңіз керек болуы мүмкін.

3-қадам. Бастапқы көп бөлме мүмкіндігін орнату

MUSICflow өнімін алғаш рет орнатып жатқанда, төмендегі екі байланыстың бірін таңдай аласыз.

1-опция. Сымды байланыс (MUSICflow ұяшықты желі байланысы)

LAN кабелі арқылы үйдегі роутерге MUSICflow өнімдерінің бірін (дыбыс панелі, динамик немесе көпір) жалғаңыз.


Содан кейін үй желісіне қосымша MUSICflow өнімдерін (қосымша) сымсыз жалғай аласыз (MUSICflow ұяшықты желі). 14-беттегі "4-қадам. Динамиктерді қосу (қосымша)" бөліміне қараңыз.

Егер сізде көпір болса

Көпір (Сымды байланыс) → Дыбыс панелі (Динамик қосу) → Басқа динамиктер (Динамик қосу)

Егер сізде көпір болмаса

Дыбыс панелі (Сымды байланыс) → Басқа динамиктер (Динамик қосу)



Қарапайым орнату нұсқаулығы (Сымды байланыс)

1. Смарт құрылғыңыз Wi-Fi желісіне қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Қосқыңыз келген өнімді таңдаңыз.
3. Music Flow Player қолданбасын іске қосып, орнату шеберіндегі "Сымды байланыс" нұсқаулықтарын орындаңыз.
4. Роутерден келетін LAN кабелін кез келген MUSICflow өніміне (дыбыс панелі немесе көпір) жалғаңыз.
5. MUSICflow өнімінің қуатын қосыңыз және содан кейін ақ жарық диодының біргелкі болғанына дейін күтіңіз.
6. Егер сәтті орнатсаңыз, динамиктің бағдарламалық жасақтамасын жаңартыңыз: [Home → Settings → Version Info.]

Кеңес

Роутердің Wi-Fi ортасынан бөлек, MUSICflow өнімдеріңіз арасында сымсыз желі орнатады. MUSICflow ұяшықты желісін пайдалану барысында, сымсыз қамту кеңейтіледі, ал ол тұрақты музыка ағынының қызметін ұсынады.

Төмендегі жағдайда, MUSICflow ұяшықты желі байланысы ұсынылады.


1. Үйдегі роутер жұмысының тұрақсыздығына байланысты Wi-Fi желісі үйдің балық жерін бірдей қамти алмаған кезде. (Сіздің үйдегі роутеріңіз тек 802.11 b/g 2,4 ГГц.)
2. MUSICflow жүйесін тұрақты сымсыз желі ортасында пайдаланғыңыз келген кезде.
3. Төменгі режимде пайдаланғыңыз келген кезде.
   1) Көп бөлме және Топтық ойнату режимі
   2) Үй кинотеатры режимі
   3) Hi-Fi (24 бит/192 кГц) режимі : Жоғары сапалы аудио көзін пайдаланған кезде (мысалы: flac)

2-опция. Сымсыз байланыс (Стандартты сымсыз байланыс)

MUSICflow өнімдері мен үй роутері арасында сымды байланыс болмаған жағдайда, MUSICflow өнімі үйдегі роутердің Wi-Fi желісі қамту аймағында музыка ағынының қызметін ұсынады.

MUSICflow өнімдерінің бірін (дыбыс панелі немесе динамик) үйдегі роутерге сымсыз жалғаңыз .

(Опция)
Содан кейін қосымша MUSICflow өнімдерін үйдегі Wi-Fi желісіне сымсыз қосуға болады. 14-беттегі "4-қадам. Динамиктерді қосу (Қосымша)".



Қарапайым орнату нұсқаулығы (Сымсыз қосылым)

1. Смарт құрылғыңыз Wi-Fi желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз.
2. Қосқыңыз келген өнімді таңдаңыз.
3. Music Flow Player қолданбасын іске қосып, орнату шеберіндегі "Сымсыз байланыс" нұсқауларын орындаңыз.
4. MUSICflow өнімінің артқы немесе жоғарғы жағындағы түймесін (Wi-Fi орнату белгішесі) басыңыз (дыбыс панелі, динамик немесе көпір).
5. желісінің индикаторы жарық диоды ақ және қызыл түсте жанғанын тексеріңіз.
6. MUSICflow өнімін үйдегі роутерге қосу үшін, үйдегі роутердің құпия сөзін енгізіңіз.

iOS құрылғыңыз бар болса, төмендегі үш қадамды орындауыңыз қажет

6-1. iOS құрылғысының басты бет түймесін басыңыз және [Settings] параметріне өтіңіз. Wi-Fi параметрлерінде “MusicFlow_Setup” өнімін таңдай алсаңыз. Қолданба мен MUSICflow өнімі қосылады.

6-2. Music Flow Player қолданбасына өтіп, MUSICflow өнімін үйдегі роутерге қосу үшін, үйдегі роутердің құпия сөзін енгізіңіз.

6-3. iOS құрылғысының басты бет түймесін басып, [Settings] параметріне өтіңіз. Үйіңіздегі Wi-Fi желісіне қайта қосылыңыз. Содан кейін Music Flow Player қолданбасына қайта өтіңіз.

7. Егер сәтті орнатсаңыз, динамиктің бағдарламалық жасақтамасын жаңартыңыз: [Home → Settings → Version Info.]

Ескертпе

- "Сымсыз байланыс" конфигурациясы сәтсіз аяқталса. Орналасқан орны роутерден тым алыс көрінсе, ол байланыспауы мүмкін. Роутерге жақын жерге орналастырып, пайдаланыңыз.
- Жұмыс үстелінде орнатылған Music Flow бағдарламалық жасақтамасы сымсыз байланыс процедурасына қолдау көрсетпейді. Бұндай жағдайда, смарт құрылғыдағы Music Flow Player өнімін пайдаланыңыз.
- Егер роутер жұмысы нашар болса (мысалы, 802.11g 2,4ГГц), топтық ойнату немесе айналадағы ойнату режимінде дауыс үзіліп кетуі мүмкін. Бұндай жағдайда, MUSICflow ұяшықты желідегі динамикті жалғаңыз.

Кеңес


Үйдегі роутердің Wi-Fi әрекет ету аумағында MUSICflow жүйесіндегі музыка ағынының қызметін ұсынады.

Төменде көрсетілген жағдайда стандартты сымсыз байланыс ұсынылады.

1. Динамиктердің барлығы үйдегі роутердің Wi-Fi желісін қамту аймағында болған кезде. (Үйдегі роутеріңіз 802.11n 2,4/5 ГГц жиілікке қолдау көрсеткен жағдайда)
2. MUSICflow өнімдері мен үйдегі роутер арасында сымды байланыс болмаған жағдайда.
3. Төменгі режимде пайдаланғыңыз келген кезде.
   1) бір динамикті MUSICflow жүйесін пайдаланған кезде.
   2) Үйдегі роутердің Wi-Fi әрекет ету аумағында топтық ойнату
   3) L/R стерео режимі

4-қадам. Динамиктерді қосу (Қосымша)

Бастапқы MUSICflow өнімін үй желісіне қосқан кезде, қосымша MUSICflow өнімдерін (дыбыс панелі, динамик немесе көпір) үй желісіне қосуға болады.



Қарапайым орнату нұсқаулығы (Динамиктерді қосу)

1. Қосымша динамиктер болса, динамиктің қуатын қосыңыз.
2. Смарт құрылғыны немесе компьютер қолданбасын іске қосыңыз және орнату шеберіндегі нұсқауларды орындаңыз.
   [Home → Add Speaker]
3. Қосқыңыз келген MUSICflow өнімінің артындағы немесе төбесіндегі ⊕ (ҚОСУ белгішесі) түймесін басыңыз.
4. ᯤ желісі индикаторының жарық диоды қызыл түсте жыпылықтап тұрғанын тексеріңіз.
5. Егер сәтті орнатсаңыз, динамиктің бағдарламалық жасақтамасын жаңартыңыз:
   [Home → Settings → Version Info.]

❗ Ескертпе

"Динамик қосу" конфигурациясы сәтсіз аяқталса. Орналасқан орны динамиктерден тым алыс көрінсе, оның байланыспауы мүмкін. Роутер мен әр динамикке жақын жерге орналастырыңыз және пайдаланыңыз.

Көп бөлмелі орнату үшін ескертпе


- Барлық сымсыз/сымды байланыстарды роутердің орналасқан орнына сәйкес орнатуға болады. Бірақ біз алғашқы динамикті немесе көпірді роутерге LAN кабелі арқылы жалғауды және желінің тұрақтылығы үшін, қосымша динамиктерді жалғауды ұсынамыз.
- Music Flow Player қолданбасында "Firmware update" қалқымалы терезесі пайда болғанда, жаңарту үшін басыңыз.
- Динамикті LAN кабелі арқылы жалғаған болсаңыз және қосымша басқа динамиктерді орнатқан болсаңыз: Дыбыс үзілуі жиі динамик динамикке жалғанған кабельмен жеткілікті дәрежеде жақын болмаса, LAN кабелімен жалғанған динамик пен дыбыс үзілуі бар динамик арасына қосымша көпір немесе басқа динамикті орнатыңыз және әрекетті қайталаңыз.
- Тіпті динамиктерді MUSICflow ұяшықты желімен жалғаған болсаңыз да, қоршаған ортаның сигнал кедергісі Wi-Fi желісінің ақаулығына себеп болып, музыка дауысын үзеді. Бұндай жағдайда MUSICflow жүйесінің [Settings → Advanced settings → Mesh Network Channel] тармағында Ұяшықты желі арнасын өзгертуге тырысыңыз.
- Байланыс орнату кезінде "Mesh network composition" жазуы пайда болуы мүмкін және ол шамамен 30 секундты алады. Бұл хабар бірінші орнату кезінде бір рет шығады және желі ортасын өзгерту кезінде қайта пайда болады.

Көпірді пайдалану

1. Бастапқы құрылғы ретінде пайдалану (үйдегі роутерге сымды жалғанған күйде)

Үйдегі роутер сымды режимге жалғанатын динамиктен алыс орналасқан жағдайда:

❶ "Қарапайым орнату нұсқаулығына (Сымды байланыс)" сәйкес, Көпірді үйдегі роутерге LAN кабелі арқылы жалғаңыз.
❷ "Қарапайым орнату нұсқаулығына (Динамиктерді қосу)" сәйкес үй желісіне MUSICflow өнімдерін қосыңыз.




2. Сымсыз кеңейтуші ретінде пайдалану

MUSICflow ұяшықты желісінің әрекет ету аумағын кеңейткіңіз келген жағдайда:

Дайындық: Бастапқы MUSICflow өнімі LAN кабелі арқылы үйдегі роутерге жалғанған.

❶ "Қарапайым орнату нұсқаулығына (Динамиктерді қосу)" сәйкес Көпірді үй желісіне қосыңыз.
❷ "Қарапайым орнату нұсқаулығына (Динамиктерді қосу)" сәйкес үй желісіне MUSICflow өнімдерін қосыңыз.



Бірнеше MUSICflow өнімімен рақаттану

1. Үй кинотеатры режимі (Айналадағы дыбыс режимі)

Үй кинотеатры жүйесімен рақаттану үшін, LG MUSICflow дыбыстық панелін желіңізге қосыңыз және оны LG MUSICflow динамиктерімен үйлестіріңіз.

Егер сізде көпір болса


Көпір (Сымды байланыс) → Дыбыс панелі (Динамик қосу) → Басқа динамиктер (Динамик қосу)

Егер сізде көпір болмаса

Дыбыс панелі (Сымды байланыс) → Басқа динамиктер (Динамик қосу)

Ескертпе

MUSICflow динамиктерін үй кинотеатрына жалғасаңыз, ол динамиктердің үлгілері бірдей болуы тиіс.




Талап

- MUSICflow дыбыстық панелі x 1
- MUSICflow динамигі x 2 (Бірдей үлгі)
- Желілік көпір (қосымша)

2. Топтастыру режимі

Қажеттілігіңізге байланысты бөлек бөлмелерде орналасқан динамиктер бірдей музыканы немесе әртүрлі музыканы ойнатуы мүмкін.Әр бөлмеде бірдей музыканы ойнату үшін, көп бөлмелі динамиктерді үйлестіріңіз.




Талап

- 2 MUSICflow өнімінен көп
- Желілік көпір (қосымша)

3. L/R стерео режимі

Кинолар мен сүйікті тректеріңізден рақат алу үшін, Music Flow Player қолданбасы арқылы динамиктерді стерео дыбысына орнатыңыз.




Талап

- MUSICflow динамик x 2
- Желілік көпір (қосымша)

Сыртқы құрылғыны пайдалану


1. HDMI кіріс байланысы



Blu-ray диск ойнатқышына, DVD ойнатқышына, ойын приставкасына, т.б.

1. Құрылғыдағы HDMI IN ұяшығын Blu-ray диск ойнатқышы, DVD ойнатқышы, ойын приставкасы т.б. сияқты аудио және бейне құрылғыларындағы HDMI OUT ұяшығына жалғаңыз.
2. FUNC түймесі арқылы HDMI IN ұяшықтарына осы құрылғының кіріс көздерін таңдаңыз.

2. PORTABLE IN байланысы



1. 3,5 мм стерео кабелінің көмегімен портативті шығысы (🎧) бар кез келген құрылғыны құрылғының PORTABLE IN қосқышына жалғаңыз.
2. FUNC түймесі арқылы осы құрылғының кіріс көзін PORTABLE етіп таңдаңыз.

3. BLUETOOTH® байланысы




1. FUNC түймесі арқылы осы құрылғының кіріс көзін **Bluetooth** функциясына таңдаңыз. Дисплей терезесінде "BT READY" жазуы көрінеді.
2. Жұптастыру үшін, **Bluetooth** құрылғысында "LG HS7 (XX:XX) немесе LG LAS750M (XX:XX)" таңдаңыз.
3. Бұл құрылғы **Bluetooth** құрылғысына сәтті қосылған кезде, дисплей терезесінде “PAIRED” жазуы пайда болады және көп ұзамай **Bluetooth** құрылғысының атына ауысыңыз. Құрылғыдағы құрылғының атын көрсету мүмкін болмаса, ”_” деген таңба пайда болады.
4. Музыканы **Bluetooth** құрылғыңызда ойнатыңыз.

Ақаулықтарды жою


Төменгі жиілік динамигінен дыбыс шықпайды

Сымсыз байланыс аяқталмаған жағдайларда байланысты қолмен баптауға болады.


1. Негізгі құрылғының дыбыс деңгейін барынша азайтыңыз.
   - Дисплей терезесінде "VOL MIN" жазуы пайда болады.




2. Қашықтан басқару пультіндегі (ДЫБЫССЫЗ) түймесін басып, шамамен 3 секундқа ұстап тұрыңыз.
   - Дисплей терезесінде қысқа уақытқа “W RESET” / “WL RESET” жазуы пайда болады.



3. Егер сымсыз сабвуфердің жарық диодының шамы жасыл түспен жыпылықтап тұрса, сіз бұл қадамды өткізіп жібере аласыз. Сымсыз сабвуфердің артындағы **PAIRING** түймесін 5 секундтан артық басып тұрыңыз.
   - Сымсыз сабвуфердің жарық диоды қызыл және жасыл түсте алма-кезек жанады.



4. Негізгі құрылғы мен сымсыз сабвуфердің қуат көзін ажыратыңыз.
5. Негізгі құрылғының жарық диоды мен сымсыз сабвуфер толық ажыратылғаннан кейін оларды қайта жалғаңыз. Негізгі құрылғыны қосқан кезде, негізгі құрылғы және сымсыз сабвуфер автоматты түрде жұптастырылады.
   - Байланыс орнатылған кезде, сабвуферде жасыл жарық диодын көре аласыз.



Ойнап жатқанда дауыс үзілген жағдайда

- Bluetooth немесе сымсыз сабвуфер сияқты сымсыз байланыстың дұрыс жұмыс істеуі үшін, құрылғыны металдан жасалған жиһаздың үстіне орнатпаңыз және аксессуарлық аяқты бекіту арқылы биіктетпеңіз, себебі сымсыз байланыс құрылғының төменгі жағында орналасқан модуль арқылы байланыс орнатады.
- Құрылғыны /сабвуферді орнату немесе жылжыту кезінде олардың бетіне сызат түсіруден сақ болыңыз.
- Негізгі құрылғы мен сабвуфер арасында қосылым бірнеше секунд ішінде (одан көп болуы мүмкін) жасалады.
- Негізгі құрылғы мен сабвуфер жақындаған сайын дыбыстың да сапасы жақсара түседі. Негізгі құрылғы мен сабвуферді мүмкіндігінше жақын орнатуды және төменде көрсетілген жағдайлардан аулақ болуды ұсынамыз.
  - Негізгі құрылғы мен сабвуфер арасында бөгет/ кедергі бар.
  - Берілген сымсыз қосу арқылы сол жиілікті пайдаланатын құрылғылар бар, мысалы медициналық жабдықтар, микротолқынды пештер немесе LAN сымсыз құрылғысы.

Бағдарламаны жаңарту

MUSICflow өнімі үйдегі желіге қосылған кезде, ең алдымен, барлық динамиктегі және Music Flow Player қолданбасындағы микробағдарлама нұсқасы ең соңғы нұсқа екеніне көз жеткізіңіз.

Оңтайлы жұмыс істеу үшін, MUSICflow өнімі соңғы нұсқалы микробағдарламаның орнатылуын қажет етуі мүмкін.

[Settings → Version Info.]: динамикте соңғы нұсқалы микробағдарлама бар екендігін тексеруге болады.

Динамикті қалай баптандыруға болады?

Қысқа дыбыстық сигнал бір рет шыққанша "⊞ (Қосу)" түймесін бассаңыз, желіге қатысты парметрлер баптандырылады. (Дыбыстық панель үшін, дисплей терезесінде "DISABLED" жазуы пайда болады.)

Қысқа дыбыстық сигнал екі рет шыққанша "⊞ (Қосу)" түймесін бассаңыз, зауыттық баптандыру процесі орындалады. (Дыбыстық панель үшін дисплей терезесінде "RESET" жазуы пайда болады.)

Динамик жалғанбаған.

1. Жалғанған динамик үшін телефон мен динамик бірдей роутерге жалғанғанын тексеріңіз, содан соң бір роутерге жалғаңыз және келесілерді тексеріңіз.
   1-1. Қуатты өшіру / қосуды орнатыңыз және байланысты тексеріңіз.
   1-2. 1-1 қадамымен шешілмесе, қолданбаны жабыңыз және қайта жалғаңыз.
   1-3. 1-2 қадамымен шешілмесе, Динамикті қайта орнатыңыз және қайта жалғаңыз.
   1-4. 1-3 қадамымен шешілмесе, қолданбаны жойып, қайта орнатыңыз және әрекетті қайталаңыз. Қалпына келтіру үшін, бір дыбыстық сигнал естілгенге дейін "ADD" түймесін 8 секунд басып тұрыңыз.
2. Қолданыстағы динамиктің орнын ауыстырсаңыз,
   2-1. Өзгертілген орын үйдегі роутерден тым алыс болса, қосылмауы мүмкін. Роутерге жақын жерге орналастырып, пайдаланыңыз.
   2-2. Динамикті LAN кабелімен жалғаңыз және қосымша орнатылған динамиктер үшін, егер олар LAN кабелімен жалғанған динамикке жеткілікті түрде жақын болмаса, LAN кабелімен жалғанған динамик пен дыбысы ажыратылған динамик арасына Көпірді немесе басқа динамикті орнатыңыз.

Динамик қолданбадан жойылатын кездер болады.

1. Егер динамиктің жыпылықтайтын шамы жыпылықтамай, ақ түсті боп қала берсе: Тіпті динамик қуатын өшіріп, қосқаннан кейін де мәселе шешімін таппаса, динамикті қайта орнату қажет болады (ол үшін, қысқа дыбыстық сигналды бір рет естігенге дейін "ADD" түймесін 8 секунд басып тұрыңыз). Динамикті орнату және қосымша процедураларды орындаңыз.
2. Динамиктің жыпылықтайтын шамы ақ түспен жыпылықтаса - желі сигналы тұрақты емес. Аз уақыт күтіңіз немесе динамикті басқа динамикке немесе роутерге жақын орынға жылжытыңыз.
3. Music Flow Player қолданбасын тоқтатып, қайта қосу үшін, басты экранның жоғарғы оң жағындағы мәзір пернесін немесе мәзірді басыңыз.

Музыка дыбысының үзілуі және тұрақсыз MUSICflow жүйесі

1. Дауысы үзілетін динамик сымсыз байланыс режимі арқылы қосылса,
   - Динамик пен үйдегі роутердің арасындағы қашықтық жеткілікті түрде жақын болмаса, осындай жағдай орын алуы мүмкін. Динамикті үйдегі роутерге жақын жылжытып, әрекетті қайталаңыз.
   - Ойнатылатын дыбыс кірісі бар құрылғы (мысалы, телефон немесе ноутбук) үйдегі роутердің сигналы жақсы ұстайтын жерде болмаса, құрылғыны үйдегі роутерге жақындатып, әрекетті қайталаңыз.
2. Динамикті кабельмен жалғап, қосымша басқа динамиктерді орнатқан болсаңыз: Дыбысы жиі үзілетін динамик кабельмен жалғанған динамикке жеткілікті түрде жақын болмаса, кабельмен жалғанған динамик пен дыбысы жиі үзілетін динамик арасына қосымша көпір немесе басқа динамикті орнатыңыз және әрекетті қайталаңыз.
3. Тіпті динамиктерді MUSICflow ұяшықты желімен жалғаған болсаңыз да, қоршаған ортаның сигнал кедергісі Wi-Fi желісінің ақаулығына себеп болып, музыка дауысын үзеді. Бұндай жағдайда MUSICflow жүйесінің [Settings → Advanced settings → Mesh Network Channel] тармағында Ұяшықты желі арнасын өзгертуге тырысыңыз.

Музыка фонотекасын қалай құра аламын? / Фонотека жаңартылғанымен ән қосылмады.

DLNA серверіне жай ғана ән қосу арқылы музыка фонотекасы автоматты түрде жаңартылмайды. Серверге ән қосқан уақытта [Settings → Music Library → Sync], Музыка фонотекасын синхрондау функциясын қайта іске қосыңыз. Музыка фонотекасын синхрондау функциясынан кейін де, ән қосылмаса келесілерді орындаңыз.

1. DLNA серверінің немесе компьютердің бағдарламалық жасақтамасының ортақ қалтасы белгіленгенін тексеріңіз.
2. DLNA сервер мазмұны тізімінің жаңартылғанын тексеріңіз.
   - Файлды серверге көшірсеңіз де, сервер мазмұнының тізімі дереу жаңартылмауы мүмкін, сондықтан сервер параметрлерін тексеріңіз.
   - MTP-ден басқа әдіспен әнді телефонға көшірсеңіз, ол сервер мазмұнының тізімінде көрсетілмуі мүмкін. Осындай жағдайда телефондағы мазмұнды қайта сканерлеңіз немесе өшіріп, телефонды қайта қосыңыз.
3. Бөлісу блокталуы мүмкін, сондықтан DLNA серверінің бағдарламасының параметрін немесе брандмауэр параметрін тексеріңіз.
   - LG Musicflow компьютерлік бағдарламалық жасақтамасын пайдаланатын болсаңыз, тиісті қалта Музыка фонотекасына бір минутта автоматты түрде қосылады.

HDMI (ARC) байланысында теледидар дауысы жоқ

ARC функциясы HDMI үйлесімді теледидарға аудио ағынын осы құрылғының HDMI OUT ұяшығына жіберуге мүмкіндік береді.

Бұл функцияны пайдалану үшін:

- Теледидарыңыз HDMI-CEC және ARC функцияларына қолдау көрсетуі тиіс, HDMI-CEC және ARC қосулы күйге орнатылуы тиіс.
- HDMI-CEC және ARC функцияларын орнату әдісі теледидарға байланысты өзгеше болуы мүмкін. ARC функциясы туралы мәлімет алу үшін, теледидар нұсқаулығын қараңыз.
- HDMI кабелін пайдалануыңыз қажет (A түрі, Ethernet бар жоғары жылдамдықты HDMI™ кабелі).
- HDMI кабелін пайдаланып, құрылғының HDMI OUT (TV ARC) ұясын ARC функциясына қолдау көрсететін теледидардың HDMI IN ұясына жалғауыңыз қажет.
- ARC функциясына қолдау көрсететін теледидарға тек бір ғана дыбыс панелін жалғай аласыз.

LG MUSICflow өнімі автоматты түрде өшіреді.

Дыбыс сигналы алынбаған жағдайда қуаттың өшірілетін жағдайлары болады.

- Оптикалық, HDMI ARC, Bluetooth, Wi-Fi (DLNA) режимі: 20 минут барысында дыбыс сигналы болмаса.
- Портативті кіріс: 6 сағат бойы дыбыс сигналы жоқ.

- Байланысқан желі жағдайында ол Желінің күту режиміне өтеді (Ақ түсті жарық диоды)
- Желі ажыратылған жағдайда, ол Күту режиміне өтеді (Қызыл түсті жарық диоды)

Ойнатылатын музыка файлының түрі қандай?

- Mp3, wma, flac, m4a, aac, ogg және wav кеңейтімді файлдарды ойнатуға болады.
- Mp3 және wma үшін үлгілеу жиілігі 32-48 кГц және flac үшін 192 кГц, 24 бит өлшемге дейін қолдау көрсетеді.
- Жоғарыда келтірілген шарттар орындалғанымен, файл немесе медиа серверінің сипаттамаларына сәйкес ойнатылмауы мүмкін.
- DRM қолданылатын файлды ойнату мүмкін емес.

Spotify қолданбасын қалай пайдалануға болады?

LG MUSICflow өнімі Spotify бағдарламасымен қамтылған Spotify байланыс әдісіне қолдау көрсетеді. Осылайша Spotify қолданбасымен динамикке байланысу арқылы Spotify тарапынан қолдау көрсетілетін функцияны пайдалануға болады. Егер Music Flow динамигі бір роутерден құралған желіде болса, Spotify қолданбасының динамик пішінді белгішесі өзгереді және бұл белгішені басқан кезде динамиктерді бір желіде тексеріп, таңдай аласыз. (Динамик таңдалған кезде, белгіше жасыл түске өзгереді.)

HomeChat қолданбасын қалай пайдалануға болады?

HomeChat қолданбасын тіркегеннен кейін, Home Chat қолданбасын пайдалануға болады.

Отбасы мүшелерінің әрқайсына HomeChat қолданбасында бір динамикті тіркеуге және пайдалануға болады және бір адам бірнеше динамиктерді тіркей алады.


Қосымша мәлімет үшін http://www.lghomechat.com сайтына кіріңіз.

! Ескертпе

Аймаққа байланысты, кейбір қызметтер (мысалы, Spotify, Homechat, т.б.) қолжетімді емес.

Негізгі құрылғыны қабырғаға орнату

Дайындау материалдары




Бұрандалар (**A**)


Қабырғадағы розетка

Өнімді бекіту үшін, бұрандалар (**A**) мен штепсель ашалары қамтамасыз етілмейді. Орнату үшін Hilti (HUD-1 6 x 30) ілгектерін пайдалануды ұсынамыз.


1. Қабырға кронштейнін орнату нұсқаулығындағы ТЕЛЕДИДАРДЫҢ ТӨМЕНГІ ШЕТІН теледидардың төменгі жағымен сәйкестендіріңіз және де сол күйде бекітіңіз.




2. Құрылғыны қабырғаға (бетон) орнатқан кезде штепсель ашаларын пайдаланыңыз. Бірнеше тесік жасау қажет болады. Бұрғылау үшін орнату парағы (Қабырға кронштейндерін орнату нұсқаулығы) қамтамасыз етілген. Парақты пайдаланып, бұрғылау нүктесін анықтаңыз.




3. Қабырға кронштейнін орнату бағыттағышын алып тастаңыз.
4. Кронштейнді төмендегі суретте көрсетілгендей бұрандалармен (**A**) бекітіңіз.



5. Бөлшекті оның жиегіндегі бұранданың қуыстарымен дәл келетіндей етіп кронштейнге орнатыңыз



6. Бөлшекті бұрандалармен жақсылап бекітіңіз



Күй жарық диодтарының жағдайы туралы

Түс	Күйі	
● ↔ ○ (Өшірулі) (Ақ)	Құрылғы желілік байланысты күтуде	Желі күйі
○ ↔ ● (Ақ) (Қызыл)	Бастапқы құрылғы желіге қосылып жатыр (Wi-Fi түймесі басылған)	
○ (Ақ)	Құрылғы желіге қосылған	
● ↔ ● (Өшірулі) (Қызыл)	Қосымша құрылғы желіге қосылып жатыр (WPS түймесі басылған)	
○ (Жарығы азайған ақ)	Желінің күту режимі	Күту режимінің күйі
● (Қызыл)	Күту режимі	

Күйдің жарық диоды жағдайына арналған ескертпе

- Алдымен торты орнатқан кезде, желі күйінің дарық диоды жасыл болады.
- Қосымша топтар орнатылады, желі күйінің жарық диодының түсі топ тәртібінде өзгереді.
  (● (Жасыл) > ● (Қызылкүрең) > ● (Көкшіл) > ● (Көк) > ● (Сары))
- Топталған динамиктер желінің күту режиміне ауысса, желі күйінің жарық диодының жарықтығы күңгірт болады.

Сипаттама

Қуат қамтуы: 25 В ⎓ 2 А (айнымалы ток адаптері)

Айнымалы ток адаптері

- Үлгі: DA-50F25
  Өндіруші: Asian Power Devices Inc.
  Кіріс: 100 - 240 В ~ 50/60 Гц
  Шығыс: 25 В ⎓ 2 А

Қуат тұтыну: 45 Вт

- Желілік күту режимі : 5,8 Вт
  (Барлық желілік порттар белсендірілсе.)

Күшейткіштің жалпы шығысы: 360 Вт

Bluetooth: Codec SBC

Өлшемдері (Е x Ғ x Т): (1060 x 45 x 82) мм (Аяқсыз)

Таза салмағы (Шамамен.): 2,5 кг

- Дизайны мен техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

АШЫҚ МӘТІН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛ ЕСКЕРТУІ

Осы өнімдегі GPL, LGPL, MPL және басқа да бастапқы коды ашық лицензиялардағы бастапқы кодты алу үшін http://opensource.lge.com веб-торабына өтіңіз. Бастапқы кодқа қоса, барлық қажетті лицензиялардың шарттарын, кепілдік міндеттерінен бас тарту құжаттарын және авторлық құқық туралы мәліметтерін алуға болады. LG Electronics компаниясы тарату шығынын қамтитын ақыға (дерек тасығышының құны, жеткізу және өңдеу) opensource@lge.com мекенжайына электрондық пошта арқылы сұрау жіберілгенде бастапқы кодты ықшам дискіде жеткізуді ұсынады. Бұл ұсыныс осы өнімді сатып алған уақыттан бастап үш (3) жыл ішінде жарамды болады.

	Телефон	Режим работы	Интернет
Россия	8-800-200-7676	Круглосуточно	http://www.lg.com
Беларусь	8-820-0071-1111		
Латвия	8-0200-201	9:00 - 17:00 (Пн.-Пт.)	
Литва	8-800-08-081		
Эстония	800-9990		
Україна	0-800-303-000	8:00 - 21:00 (Пон.-П'ят.) 8:30 - 18:30 (Суб., Нд.)	
Казахстан	8-8000-805-805	9:00-20:00 (Пн.-Пят.) 9:00-18:00 (Суб., Вс.)	
	2255 (GSM)		
Узбекистан	8 800 120 2222	9:00 - 18:30 (Пн.- Пят.) 9:00 - 15:00 (Суб., Вс.)	
Кыргызстан	800 0071 0005	Круглосуточно	
Молдова	00-800-0071-0005 (Только для стационарных телефонов)	Круглосуточно	

032

	Символ «не для пищевой продукции» применяется в соответствие с техническим регламентом Таможенного союза «О безопасности упаковки» 005/2011 и указывает на то, что упаковка данного продукта не предназначена для повторного использования и подлежит утилизации. Упаковку данного продукта запрещается использовать для хранения пищевой продукции.	Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.
	Символ «петля Мебиуса» указывает на возможность утилизации упаковки. Символ может быть дополнен обозначением материала упаковки в виде цифрового и/или буквенного обозначения.	Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.

Российская Федерация

Импортер ООО "ЛГ Электроникс Рус"

Адрес импортера: 143160 Российская Федерация, Московская область, Рузский район, сельское поселение Дороховское, 86 км. Минского шоссе, д.9

Адрес производителя : ПТ. ЛГ Электроникс Индонезия
17520, Индонезия, Джава Барат, Бекаси, Сикаранг Барат, строение Г, MM2100, Кавасан Индастри

Сделано в Индонезии

Україна

Найменування та адреса імпортера
ПІІ «ЛГ ЕЛЕКТРОНІКС Україна» вул. Басейна, 6, м. Київ, 01004,
Тел. : 044 201-43-50

Қазақстан Республикасы

Импорттаушы АҚ "ЭЛ Джи Электроникс Алматы Қазақстан", 050061, Алматы қ., к. Көкорай, 2А

Өндірушінің мекенжайы: PT. LG Electronics Indonesia.
17520, Индонезия, Джава Барат, Бекаси, Сикаранг Барат, құрылыс Г, MM2100, Кавасан Индастри.

Қазақстан Республикасы территориясында тұтынушылардан келіп түскен талаптар мен ұсыныстарды қарайтын және тауарды жөндеу мен техникалық қызмет көрсететін ұжым:

АҚ «Эл Джи Электроникс Алматы Казахстан», 050061, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Көкорай, 2А. Басқа сервис орталықтары жайында мағлұматты "Тұтынушыға қызмет көрсету орталығына" телефон шалу арқылы білуге болады.

Индонезияда жасалған